

Ақсу қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 10 маусымдағы Ақсу қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 330/5 қаулысына өзгеріс және толықтырулар енгізу туралы

Павлодар облысы Ақсу қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 4 ақпандағы № 47/2 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Тіл туралы" Заңының 25-3-бабы 1-1) тармақшасына және "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Заңының 729-бабына, осы Кодекстің 75-тармағы 2-1) тармақшасына сәйкес Ақсу қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсу қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 10 маусымдағы "Ақсу қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 330/5 қаулысына мынадай өзгеріс және толықтырулар енгізілсін:

"Ақсу қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережеде:

18-тармақтың 16-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

18/16) Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жаза қолдану;"

18-тармақ мынадай мазмұндағы 16-1), 16-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"16-1) азаматтарды қандай да бір белгілер бойынша кемсітуге жол бермеу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыру;"

"16-2) Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңына сәйкес қалада мандаттық хабарламаларды қабылдауды және қарауды жүзеге асыру;"

2. "Ақсу қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулыны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

осы қаулыны Ақсу қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қолдануды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Р.А.Негмановаға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК